


63.3(5Kaz)
0-57



ЕЛДЕС ОМАРУЛЫ

ШЫҒАРМАЛАРЫ
СОЧИНЕНИЯ

CA-369000

ЕЛІМ ДЕП ЕҢІРЕП ӨТКЕН ЕЛДЕС

Қазақ елінің тәуелсіздік жолындағы азапты сапарында қазағым деп тәні өртке шарпылған, Алашым деп жаны дерттен алқынған перзенттердің бірі, көрнекті ғалым, білікті аудармашы, ұлағатты ұстаз, белгілі қоғам қайраткері Елдес Омарұлы – әділетсіздікпен арыстандай алысқан, жолбарыстай жұлысқан біртуар тұлға.

Ол 1892 жылы Қостанай өңірінің Тобыл болысында, қазіргі Таран ауданына қарасты Қожай ауылында туған. Елдес ағаның тікелей ұрпағы Марат Шуақаев мұрағат материалдарынан (95-қор, 2-бума, 170-іс) оның жеке куәлігін тауып алған. №40 куәлік, 1907 жылы 19 июль күні берілген. Онда оның Омар Тиесовтің ұлы екені, Дамбар болысына қарасты №2 ауылда 1893 жылы 1 наурызда (ескі стиль бойынша) туғаны жазылған. Яғни Елдес Омарұлы жаңаша жыл санау бойынша 1893 жылдың 14 наурызында дүниеге келген.

Әкесі Омар ерте хат таныған, ауылдағы сауатты кісілердің бірі болған. Елдес әуелі Ыбырай Алтынсарин ашқан Қостанайдағы екі жылдық қазақ-орыс мектебінде білім алып, кейін Орынбордағы мұғалімдер институтын үздік бітіріп шығады.

Елдестің туысы, мұғалім Қапаш Шуақаевтың айтуына қарағанда, арғы аталары Орта жүздің Қыпшақ руының ішіндегі Қарабалықтың белгілі билері болған. Қоржынкөл ауылының маңайында ертеректе Қаракөз деген елді мекен болыпты. Кейінгі жылдарға дейін сол жерде диқандар бригадасы тұрған.

АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫ

профессор Т.Қ. Жұртбайдың авторлық басылымынан

Ескерту: Бұл еңбекте басылымның ғылыми, тарихи негізін сақтау үшін құжаттар мен материалдар архив қорларында қай тілде сақталса, сол тілде берілді.

Қазақ ССР-нің Қылмыстық және праволық Кодексінің 375-бабын басшылыққа ала отырып Қазақ ССР Жоғарғы Соты (мынадай) Шешім шығарды:

СССР Халық Комиссарлар Советінің жанындағы ОГПУ-дің (*Біріккен Мемлекеттік Саяси басқарманың – Т.Ж.*) IV коллегиясының 1930 жылғы 4 сәуірдегі және 1931 жылғы 13 қаңтардағы Байтұрсынов Ахмет, Дулатов Міржақып, Аймауытов Жүсіпбек, Есболов Мырзағазы, Ғаббасов Халел, Әділев Дінмұхамед, Бірімжанов Ғазымбек, Юсупов Ахмед-Сафа, Жұмабаев Мағжан, Омаров Елдес, Битілеуов Дамолла, Болғанбаев Хайретдин, Байтасов Абдолла, Жәленов Кәрім, т.б жөніндегі Қаулысының күші жойылсын, олардың іс-қимылдарынан қылмыстық әрекеттер табылмағандықтан да тергеу барысы тоқтатылсын.

Қазақ ССР прокурорының наразылығы қанағаттандырылсын.

*Қазақ ССР-нің Жоғарғы соты – Т.К. Аймұхамбетов.
Коллегия мүшелері – Е.Л. Грабарник, Қ.Т. Кенжебаев.*

4 қараша, 1988 жыл

рованных на тыловые работы казахов. В 1921 году мы вместе с ним работали в Совпартштабе в городе Оренбурге. Затем он уехал в город Ташкент. Почему он уехал, я не знаю, и он мне не говорил. О том, что Болганбаев выехал в Ташкент по поручению подпольной организации после получения письма от Валидова, я не знаю (5 стр.).

(Қолы)

*Деректер жазушы Тұрсын Жұртбайдың
«Алаш қозғалысы»*

(Алматы: Ел-шежіре, 2011 ж.) кітабынан алынды

ЕЛДЕС ОМАРОВТЫ ЖӘНЕ Т.Б. АЙЫПТАУ ІСІ

1927 жылы шілде айының 15-і күні Алаш қайраткері Елдес Омаров ол кісіні Ресей мен Қостанай облысының шекарасындағы РСФСР-ға қарасты Бозан хуторына демалып қайтуды ұсынады. Саяси қыспақтың құрсауы бүріп бара жатқанын сезген Әлихан Бөкейханұлы туған өлкесін соңғы рет көріп қайтуға келісім береді. Бұл кезде тыңшылар да оның артына мықтап түскен еді. Демалыстан қайтқан соң Елдес Омаров тұтқынға алынады. Сөйтіп, «Алашорда қайраткерлерінің қарулы көтеріліс ұйымдастыру арқылы кеңес өкіметін құлату үшін құрған контрреволюциялық астыртын құпия ұйымды әшкерелеу ісінің» тергеуі осылай басталды. Ескерте кетеріміз, әуелде Ә. Бөкейхановты тұтқындауға ұмтылған тергеушілер, ол ойларын жүзеге асыра алмаған соң, тергеуді уақытша тоқтата тұруға мәжбүр болған. Сол жылы желтоқсан айында Д. Әділевтің ұсталуымен тергеу қайта жалғасқанда, уақыты жағынан ілгері болса да, «Елдес Омаровты және т.б. айыптау ісі» II том ретінде қоса тіркелген.

Елдес Омаров 1892 жылы туған, туған жері – Қостанай округінің Тобол болысында туған, тұрған жері – Ташкент,

2) отношение их к троцкистской оппозиции и возможная связь с ними;

3) степень политической организованности алашординцев.

Однако следствие Е. Омарова не дает желаемого результата. Нужные факты для перехода к репрессивным мерам не были выявлены.

*Из книги доктора исторических наук М. Койгелдиева
«Сталинизм и репрессии в Казахстане 1920–1940-х годов». –
Алматы, 2009 г.*

ЕЛДЕС ОМАРОВ – ОБЩЕСТВЕННЫЙ ДЕЯТЕЛЬ, УЧЕНЫЙ – ЛИНГВИСТ – МАТЕМАТИК – ФИЗИК

(По материалам Марата Шуакаева)

Мой отец всю свою жизнь хотел узнать правду о судьбе Елдеса Омарова. Он его всегда называл «казахским Ломоносовым», и как я понял из его рассказов, что когда он был студентом, то часто ходил к нему домой. Его супругой была Эльза Адамовна Вертэ – немка, и у них был сын Генрих. О судьбе его семьи нам так ничего и неизвестно.

Только в 1989 году отец сказал мне, что завтра пойдем в Министерство юстиции КазССР. Наутро мы там получили документ о реабилитации Елдеса Омарова. Папа с трех моих лет повторял мне это имя, которое стало для меня невероятно родным и близким, как имя моего деда Асата, которого я никогда тоже не видел. Отец уже болел и еле ходил, но все же еженедельно шел в Институт языкознания АН КазССР и по 3 часа рассказывал им – академику или члену-корреспонденту АН КазССР о Елдесе Омарове, чтобы они написали о нем что-то. Впервые о Елдесе Омарове в прессе поднимали вопрос папины братья – Абай Кошалов и Тоганас Кауменов.

К
Р₉с-793

СТЕНОГРАФИЧЕСКИЙ ОТЧЕТ
НАУЧНО-ОРФОГРАФИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ,
созванной 2—4 июня 1929 года
НАУЧНО-МЕТОДИЧЕСКИМ СОВЕТОМ
ИИП и ЦИИКА.



по заказу ЦК ИТКА.

СТЕНОГРАФИЧЕСКИЙ ОТЧЕТ НАУЧНО- ОРФОГРАФИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ

Утреннее заседание

3-го июня 1929 года

Юдахин. – (председатель). 2-е заседание считаю открытым. Слово для сообщения мнений противников фонетического принципа предоставляется тов. Омарову.


Омаров. – Чтобы не ввести в заблуждение настоящее совещание, я буду докладывать не собственное мнение, а мнение сторонников морфологической орфографии. Я имею в виду в данном случае профессора Чобан-заде и научного сотрудника САГУ – преподавателя восточного факультета – Бердиева и ряда других лиц, которые держатся так называемого морфологического принципа.

Дело в том, что всякая письменность, которой пользуются культурные народы, те же китайцы, европейцы, арабы, каждая из этих письменностей имеет довольно большую историю, тысячелетнюю историю; так что письменность европейская, арабская, китайская в течение тысячелетий приспособлялись к языку, и в конце концов так приспособились, что каждая из них может считаться вполне совершенной по отношению к тому языку, к которому она применяется. Например, мы знаем арабскую письменность. Арабская орфография с точки зрения казакского языка то же, что и китайская, но для арабского языка лучшей орфографии не придумал бы ни один лингвист. Правда, вообще письменность и тем более принципы орфографии создаются не лингвистами; это творение народа, творение истории в течение тысячелетий. Такая письменность, приспособляясь к языку в течение тысячелетий, отражает в себе все особенности того языка, который обслуживается ею. Входить в детали, думаю, нет особенной надобности, потому что для



Мағжан Жұмабаев

Қазақтың көрнекті ақыны, Елдес Омаровтың жақын досы
болған қаламгер



Мұхтар Әуезов

Қазақтың көрнекті жазушысы, Елдес Омарұлының досы.

Жары Валентина Николаевнадан туған тұңғыш ұлының
есімін ұлы жазушы Елдес Омарұлының құрметіне Елдес деп
қойған. Мұхтар Әуезов Валентинаға 1926 жылы үйленген.

Орта Азия мемлекеттік университетінің 1929 жылғы
бюллетенінде оқу орны қызметкерлерінің аты-жөндері,
солардың ішінде М. Әуезов түркі филологиясы кафедрасын-
да (шығыс факультеті), Е. Омаров қазақ тілі кафедрасында
(шығыс факультеті, ауыл шаруашылығы факультеті) қызмет
істейді деп көрсетілген.



Міржақып Дулатов

(1885-1935)

Ақын, жазушы, журналист, ағартушы-педагог.
Елдес Омарұлының ең жақын достарының бірі



Бірінші қатарда: Ж. Әтіков, Т. Құнанбаев, К. Жанатайұлы,
М. Жәкежанов, А. Байтұрсынов.

Екінші қатарда: Е. Омаров, С. Қадырбаев, Қ. Мұңайтпасов,
М. Дулатов, Ж. Балғымбаев.

Семей, 1918 жыл